

**КМҚК «Гаухар» бөбекжай балабақшасының
«Консультациялық пункт» бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

р/ с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты адам
1	Мектепке дейінгі жастағы балаларды үй жағдайында тәрбиелеп жатқан отбасыларына арналған «Консультациялық пунктінің» құру және бекіту туралы.	Қыркүйек	Меңгеруші Психолог
2	Мектепке дейінгі ұйымдағы консультациялық пункт жұмысын кеңес мүшелеріне таныстыру.	Қыркүйек	Психолог
3	КМҚК «Гаухар» бөбекжай балабақшасына қарасты участкідегі балалардың тізімін анықтау.	Қыркүйек	Психолог Кеңес пунктінің мүшелері
4	Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелейтін отбасыларына қайырымдылық акциялар ұйымдастыру.	Уақытында	Психолог Кеңес пунктінің мүшелері
5	Үйде тәрбиеленіп отырған балаларды мерекелік шараларға, ертеңгіліктерге шақырып қатыстыру, құрметтеу.	Мерекелік шаралар кезінде	Кеңес пунктінің мүшелері
6	Балаларды балабақшаға тарту мақсатында «Баланы балабақшаға бейімдеу?» тақырыбында ата-аналармен кездесу (тренинг)	Қыркүйек	Психолог
7	Диагностикалық жұмыс балаларды зерттеу	Қазан	Психолог
8	Балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамыту арқылы сойлеу тілін жетілдіру.	Қараша	Психолог
9	«Денсаулық зор байлық» ата-аналарға дәріс	Желтоқсан	Медбике
10	«Менің жанұям» отбасы суретін салғызу.	Қаңтар	Психолог
11	«Отбасы тәртіптің ең тамаша мектебі» дәріс ата-аналарға	Наурыз	Психолог
12	«Құм» терапиясы арқылы балаларға ойын түрлерін жүргізу	Сәуір	Психолог
13	«Консультациялық пунктінің» жылдық есебі	Мамыр	Психолог

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ АТЫРАУ
ОБЛЫСЫ ҚҰРМАНҒАЗЫ
АУДАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРНЫ
«ГАУХАР» БӨБЕКЖАЙ
БАЛАБАҚШАСЫ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН АТЫРАУСКАЯ
ОБЛАСТЬ КУРМАНГАЗИНСКИЙ
РАЙОН ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ ЯСЛИ САД
«ГАУХАР»

060409, Атырау облысы
Құрманғазы ауданы
Нұржау селосы, А.Сатеков көшесі 7
Тел\факс 8\71233\38420
E-mail gauharb2018@mail.ru

060409 Атырауская область
Курмангазинский район
село Нұржау, ул. А. Сатекова 7
Тел\факс 8\71233\38420
E-mail gauharb2018@mail.ru

19 қыркүйек 2023 жыл

19 сентябрь 2023 года

№ 33

**Балабақша ата-аналарға арналған
Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру**

Қ.Р Оқу – ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техниккалы және кәсіптік орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қ.Р. Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 48-51 тармақтарын, Қ.Р. Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 118 тармағын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында «Гаухар» бөбекжай-балабақшасында қамтымаған ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Консультациялық пункттың жұмысын талапқа сай ұйымдастыру және қызметін үйлестіру балабақша меңгерушісі Г.Наурызбаеваға міндеттелсін:
3. Төмендегі құрамда педагогикалық және әлеуметтік қызметкерлерден тұратын консультациялық пункттің құрамы бекітілсін:
Г.Қуанышбаева – әдіскер
М.Боранбаева – психолог (пункт жетекшісі)
Б.Жуманиязова – мейірбеке
А.Нарешова – саз жетекшісі
4. Консультациялық пункттің жұмыс жоспары, жұмыс кестесі, ата-аналармен келісім шарт жасақтау жауапкершілігі психолог М.Боранбаеваға міндеттелсін.
5. Консультациялық пункттің жұмысы туралы сайтқа жариялансын.

Балабақша меңгерушісі:



Г.Наурызбаева

Баланың сабақүстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М.Денякина)

Топтың аты: Ересек топ
Зерттелген күні: 06.09.2023 ж
Баланың аты-жөні: Зинор Таңшолпан
Жасы: 4 жас

Талдау өлшемдері	Бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
1. Мінез-құлық ерекшеліктері			+
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды			
1.2. Тапсырманы жаңғалақтанып немесе қадала орындайды			+
2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері			+
2.1. Басынан аяғына дейін дербес әрекет етеді			
2.2. Көршісіне еліктейді			+
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді			+
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды			+
2.5. Оны ынтамен немесе ұқыпсыз орындайды			+
2.6. Жұмысты аяқтап үлгерді немесе аяқталмаған күйінде қалдырады			+
2.7. Қиындықтарға немесе сәтсіздіктерге қалай қарайды: женуге тырысады, әрекеттерін қайталайды; тәрбиешіден көмек сұрайды немесе оған сұрақ қояды; қайырылмайды, бірақ көмекті қажетсінеді			+
3. Алынған нәтижені қалай бағалайды			+
3.1. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады			
3.2. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған Істері үшін қамығады			
3.3. Немқұрайды қарайды			+

Қорытынды: Зинор Таңшолпан бағалау деңгейі өте төмен деңгейді көрсетті. Таңшолпан мінез-құлқы қиын. Балалармен қарым-қатынас түспейді. Өз жұмысына немқұрайда қарайды тұрақты жұмыстана алмайды.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Боранбаева.М

Зерттеушінің қолы: _____

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М. Денякина)

Топтың аты: Мектепалды топ

Зерттелген күні: 07.09.2023 ж


Баланың аты-жөні: Ерболатұлы Ибраһим

Жасы: 4 жас

Талдау өлшемдері	Бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
1. Мінез-құлық ерекшеліктері			
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды		+	
1.2. Тапсырманы жаңғалақтанып немесе қадала орындайды			+
2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшелікте			
2.1. Басынан аяғына дейін дербес әрекет етеді		+	
2.2. Көршісіне еліктейді		+	
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді		+	
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды	+		
2.5. Оны ынтамен немесе ұқыпсыз орындайды		+	
2.6. Жұмысты Аяқтап Үлгереді немесе аяқталмаған күйінде қалдырады		+	
2.7. Қиындықтарға немесе сәтсіздіктерге қалай қарайды: жеңуге тырысады, әрекеттерін қайталайды; тәрбиешіден көмек сұрайды немесе оған сұрақ қояды; қайырылмайды, бірақ көмекті қажетсінеді		+	
3. Алынған нәтижені қалай бағалайды			
3.1. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады		+	
3.2. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған істері үшін қамығады			+
3.3. Немқұрайды қарайды		+	

Қорытынды: Ерболатұлы Ибраһимнің бағалау деңгейі орташа деңгейді көрсетті. Ибраһимнің мінез-құлқы жақсы. Балалармен жақсы қарым-қатынас құрады. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған істері үшін қамығады.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Боранбаева.М

Зерттеушінің қолы: 

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М.Денякина)

Топтың аты: Ересек топ

Зерттелген күні: 06.09.2023ж

Баланың аты-жөні: Дауылұлы Алиахмет

Жасы: 4 жас

Талдау өлшемдері	Бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
1. Мінез-құлық ерекшеліктері			
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды		+	
1.2. Тапсырманы жаңғалақтанып немесе қадала орындайды			+
2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері			+
2.1. Басынан аяғына дейін дербес әрекет етеді			
2.2. Көршісіне еліктейді			+
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді			+
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды			+
2.5. Оны ынтамен немесе ұқыпсыз орындайды			+
2.6. Жұмысты аяқтап үлгерді немесе аяқталмаған күйінде қалдырады			+
2.7. Қиындықтарға немесе сәтсіздіктерге қалай қарайды: жеңуге тырысады, әрекеттерін қайталайды; тәрбиешіден көмек сұрайды немесе оған сұрақ қояды; қайырылмайды, бірақ көмекті қажетсінеді			+
3. Алынған нәтижені қалай бағалайды			+
3.1. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады			
3.2. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған Істері үшін қамығады			
3.3. Немқұрайды қарайды			+

Қорытынды: Дауылұлы Алиахмет бағалау деңгейі орташа деңгейді көрсетті. Алиахметтің мінез-құлқы жақсы. Балалармен жақсы қарым-қатынас құрады. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады, тұрақты жұмыстана алмайды, немқұрайлы қарайды.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Боранбаева.М

Зерттеушінің қолы: _____

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М.Денякина)

Топтың аты: Балапан тобы
Зерттелген күні: 05.09.2023ж
Баланың аты-жөні: Амангелді Ақниет
Жасы: 2жас

Талдауөлшемдері	Бағалауденгейі		
	жоғары	орташа	төмен
1. Мінез-құлық ерекшеліктері			+
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды			
1.2. Тапсырманы жаңғалақтанып немесе қадала орындайды			+
2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері			+
2.1. Басынан аяғына дейін дербес әрекет етеді			
2.2. Көршісіне еліктейді			
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді			+
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды			+
2.5. Оны ынтамен немесе ұқыпсыз орындайды			+
2.6. Жұмысты аяқтап үлгереді немесе аяқталмаған Күйінде қалдырады			+
2.7. Қиындықтарға немесе сәтсіздіктерге қалай қарайды: жеңуге тырысады, әрекеттерін қайталайды; тәрбиешіден көмек сұрайды немесе оған сұрақ қояды; қайырылмайды, бірақ көмекті қажетсінеді			+
3. Алынған нәтижені қалай бағалайды			
3.1. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады Жауап жоқ			+
3.2. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған Істері үшін қамығады			
3.3. Немқұрайды қарайды			+

Қорытынды: Амангелді Ақниет бағалау деңгейі төмен деңгейді көрсетті. Ақниеттің мінез-құлқы төмен. Тәрбиешіні зейін қойып тыңдамайды. Балалармен қарым-қатынасы төмен, жақындаған баланы тістейді, ойыншығын жылап тартып алады. Өз жұмысына немқұрайлы қарайды. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған істері үшін қайғырмайды

Зерттеуші: Педагог-психолог: Боранбаева Мирангул
Зерттеушінің қолы: 

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқына бақылау картасы
(авторы Л.М.Денякина)

Топтың аты: Құлыншақ тобы

Зерттелген күні: 06.09.2023ж


Баланың аты-жөні: Есенгелді Айнамкөз

Жасы: 4 жас

Талдау өлшемдері	Бағалау деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
1. Мінез-құлық ерекшеліктері		+	
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды			
1.2. Тапсырманы жаңғалақтанып немесе қадала орындайды		+	
2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері		+	
2.1. Басынан аяғына дейін дербес әрекет етеді			
2.2. Көршісіне еліктейді		+	
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді		+	
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды		+	
2.5. Оны ынтамен немесе ұқыпсыз орындайды		+	
2.6. Жұмысты аяқтап үлгерді немесе аяқталмаған күйінде қалдырады		+	
2.7. Қиындықтарға немесе сәтсіздіктерге қалай қарайды: жеңуге тырысады, әрекеттерін қайталайды; тәрбиешіден көмек сұрайды немесе оған сұрақ қояды; қайырылмайды, бірақ көмекті қажетсінеді		+	
3. Алынған нәтижені қалай бағалайды		+	
3.1. Өз жұмысына сүйсінеді, қанағаттанады			
3.2. Жіберген қателіктері немесе аяқталмаған Істері үшін қамығады			
3.3. Немқұрайды қарайды		+	

Қорытынды: Есенгелді Айнамкөз бағалау деңгейі жақсы деңгейді көрсетті. Айнамкөз мінез-құлқы жақсы. Балалармен қарым-қатынасқа түседі. Өз жұмысына жақсы қарайды тұрақты жұмыстана алмайды.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Боранбаева.М

Зерттеушінің қолы: 

Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы
(авторы Л.М. Денякина)

Топтың аты: Ерте жас

Зерттелген күні: 04.09.2023 ж

Баланың аты-жөні: Ырысбекұлы Орынбасар


Жасы: 1-2 жас

Талдау өлшемдері	Бағалаудың деңгейі		
	жоғары	орташа	төмен
1. Мінез-құлық ерекшеліктері			+
1.1. Тәрбиешіні зейін қойып Тыңдайды немесе алаңдайды			
1.2. Болады немесе болмайды дегенді түсінеді. Ойыншықтарын сұрағанда оларды іздейді.		+	
2. Тапсырманы орындау әрекетінің ерекшеліктері			+
2.1. Сенсорлық дамуы Заттардың екі формасын айыра алады.			
2.2. Көршісіне еліктейді			+
2.3. Тез немесе баяу жұмыс істейді			+
2.4. Тапсырмаға қызығады немесе қызықпайды			+
2.5. Ойнағанда заттардың дыбыстарын қайталайды.		+	
2.6. Қозғалуы Ұзақ жүреді, дене қалпын жүргенде өзгертеді.		+	
2.7. Орындай алатын ісі Қою тамақты қасықпен өзі жейді.		+	
3. Алынған нәтижені қалай бағалайды			
3.1. Әр түрлі формадағы заттардың ішінен көрсеткен және айтылған затты тауып алады.		+	


Қорытынды:

Ырысбекұлы Орынбасардың бағалау деңгейі төмен деңгейді көрсетті. Орынбасардың мінез-құлқы жақсы. Балалармен жақсы қарым-қатынас құрады. Тамақты өзі жей алады. Кедергілерден өтеді. Даму деңгейі ортадан төмен.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Боранбаева .М

Зерттеушінің қолы: 

"Менің жанұям" отбасы суреті



Ұсақ саусақ моторикасын дамыту жаттығулары





Зерттеу уақыты: 1.01.2024

Саны:5

Қатысқандар:2

Қатыспағандар:3

ТЕСТ:«Менің жанұям»отбасы суретін салғызу

Мақсаты: Мақсаты: Балалардың көңіл –күйін не мазалайды,нені армандайды,қоршаған ортаны отбасын қалай қабылдауын анықтау.

Барысы:

Танысу жаттығуы

Менің жанұям суретін салу

Қорытындысы:


Ырысбекұлы Орынбасар.. Сурете түсі-ашық түспен салуы баланың қуанышпен жылулықтың лебі бар болуын байқатады. отбасылық қарым- қатынасы жақсы.

Мендеш Ерд. Суреті салу түсі-ашық түс қуаныш пен жылулықтың лебі бар. суретін қолдарын салынуы отбасылық қарым- қатынасы жақсы.Суретті өзін бірінші салуы,отбасылық өзін- өзін бағалауы жақсы санайды. Аяқтын суретін салуы,өздеріне сенімді.Ауыздын салы өз сезімі бар.Отбасын бір -біріне жақын салу ауыз біршілігі бар отбасы екенін көрсетеді.Отбасылық жылулық бар.Әкесін үлгі тұтады.

Зерттеуші:Педагог-психолог:Боранбаева.М


Зерттеушінің қолы:  _____

Handwritten text: "Handwritten: Mouth on face."



Меніє науєне "Оморо Тасмі"

ме. ①



Вангасекем Мухаммед



Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы»

Мақсаты: Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым - қатынаста болу. Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу.

Көрнекілігі: Музыка жазылған ұнтаспа, қағаз - қаламдар, ағаш, алмалар, шарлар, себет

Шаттық шеңбері:

Ата - аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір - біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір - бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

Танысу: Әр ата - ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі - үш сын есімін қосып таныстыру. Мысалы: Айдай сұлу - Айсұлу.

Тренинг:

Енді ата - аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып бөлінеді.

Ал енді ата - аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңін таңдадыңыздар соны тобыңызбен келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адам шығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Діңгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар. Енді ата - аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы»- тамырды, «діңгек тобы»- діңгекті, «жапырақ тобы»- жапырақты саламыз.

(Музыкалық сүйемел, қалам - қағаздар)

Ұстаздарыңызға деген талап - тілектеріңізді «тамыр тобы»- тамырға, «діңгек тобы» - діңгекке, «жапырақ тобы» - жапыраққа жазыңыздар.

Осы ағаштың тамыры – ата - ана, діңгегі - тәрбиеші, жапырағы –

Анықтама

Қатысушылар: Ата-аналар

Уақыты: 14.09.2023

Ата-аналар саны: 5

Қатысқандар: 5

Тақырыбы: ««Балабақша мен отбасы»»тренинг

Мақсаты: Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым - қатынаста болу. Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу.


Міндеті: Қарым-қатынас жасай білу дағдыларын, тыңдай білу қабілетін, өз көзқарасын білдіре алу, өзгелерді түсіне білуге, топпен жұмыс барысында мейірімділік атмосферасын орнату.

Қорытындысы:

Ата-аналарға «Балабақша мен отбасы»тренинг жүргізілді. Барлық ата-аналар тренингке жақсы араласып отырды. Ата-аналар белсенділіктерін, қарым-қатынас жасай білу дағдыларын, тыңдай білу қабілетін, өз көзқарасын білдіре алу, өзгелерді түсіне білуге, топпен жұмыс барысында мейірімділік атмосферасын орнатты. Өте жақсы қатысты.

Зерттеуші: Педагог-психолог:

Боранбаева М

Зерттеушінің қолы: 



«Таухар» бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Денсаулық - зор байлық»

(Ата-аналарға дәріс)

Дайындаған: Медбике Жұманиязова.Б

2023оқу жылы

Мақсаты: Ата - аналарға салауатты өмір салтын қалыптастыруға, күнделікті денсаулығын шынықтыра білуге, тамақтану тәртібін дұрыс ұйымдастыра білуге, балаларының денсаулықтарын сақтай білуге жағдай жасау.

Тәрбиеші: Енді бәріміз ортаға шаттық шеңберін құрайық. Әр ата – ана өздерін таныстыра отырып бір - бірлеріңізге жылы, жақсы сөздер айтыңыздар.

Баяндама: «Дені саудың - жаны сау»

Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың еліміздің халқына Жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық - әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім. Менің мамандығым дәрігер болғандықтан, Жолдаудағы "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл - ауқаты" бағдарламасы айрықша әсер етті. Шынында да, қазақ "Тазалық - саулық негізі, саулық - байлық негізі" деп бекер айтпаса керек. Денсаулықтың қадірін, әдетте, адам ауырғанда ғана біледі. Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне де байланысты. Дегенмен оған қоршаған ортаның, жұтқан ауаның, ішкен - жеген тамақтың, судың құрамының лас болуы да айтарлықтай ықпал етеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінетін болсақ, адам денсаулығының 40 проценті экологияға, 40 проценті өзінің өмір сүру дағдысына байланысты болса, 18 - 20 проценті ғана дәрігерлік - медициналық көмекке тәуелді екен. "Денсаулық - зор байлық" дейді дана халқымыз. Тек ойлап қарасаңыз, денсаулық - адам баласына табиғат сыйлаған ең басты байлық. Сау кезімізде сол теңдесі жоқ табиғат сыйының бағасы мен қадірін білмейтініміз өкінішті - ақ! Мордва халқының: "Денсаулықтың шайқап алсаң кесесін, енді қайтып толтыра алмассың есесін" деген макалы бар екен. Сол айтылғандай, денсаулықты оп - оңай жоғалтып алуға болады, оны қайта қалпына келтіріп түзету өте қиын. Себебі адам организмінің қалыптасқан қызметі бұзылған соң, тез арада жөнделе салуы мүмкін емес.

Адамның денсаулығы - қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл – күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан.. Құрметті ата - аналар біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан – жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық не деп ойлайсыздар?

Тәрбиеші:

Денсаулық – зор байлық. Денсаулық болса, бәрі де болады. Дені сау адамның көңілі шат, өмірі бақытты.

Жан – адамның ішкі дүниесі, ішкі жаратылысы. Олай болса, дені саудың – жаны да сау. Ендеше әр топ денсаулық туралы ой бөлісіп, топтастырсын. Уақыт біткен кезде әр топтан бір ата - ана шығып қорғайсыздар.




(әр топтан ата - аналар өздерінің пікірлерін айтып, қорғады)

1 - ата - ана: Денсаулық ол – шыныққан

Барлық денең мүшесі.

Денсаулық ол - тыныққан

Жүйке тамыр жүйесі



Хаттама

Зерттеуші топ: Ересек тобы
Зерттеу уақыты: 12.10.2023ж
Балалар саны: 1
Қатысқандар: 1
Қатыспағандар
Әдістеме: «Пішіндер қорабы»

Мақсаты:

Пішіндерді қаншалықты қабылдағанын анықтап, баға беру және кеңістік қатынасты, қабылдау дағдыларын бақылау; пішіндердің кеңістікте орналасуын талдау жасау дағдылары.

Өтілу барысы:

Баланың алдына бүктелген пішіндер және қиындылармен қорап қойылады. **Ережесі:** «Бұл үйшікте ойыншықтар мекендейді. Өрқайсысының өзінің есіктері бар. Өр пішіннің есіктерін орналастыр.

- Балалар шамамен көру арқылы тапсырманы орындайды - 2 балл.

- Бала көзбен жиі өлшем жасайды, пішіннің қиындысысын қайта-қайта қойып, сәйкес орнына қою арқылы тапсырманы орындайды - 1 балл.

- Бала тапсырманы орындай алмады - 0 балл.


Хаттамада бала тапсырманы қалай орындағаны (көру немесе қайталау әдісі арқылы) түртіліп, белгіленеді, «Қосымша» бөлімінде бала тапсырманы орындаған кезде айтылған сөздері тіркеледі, сонымен қоса баладан таныс пішіндердің атауларын атауға тапсырма беру (мысалы, төртбұрыш, тіктөртбұрыш) және бала бұл тапсырманы орындай алды ма.

Қорытындысы

1 балл жинағандар:

1. Жандарбекұлы Мұхаммед

Зерттеуші: Педагог-психолог: Боранбаева

Зерттеушінің қолы: 

«Гаухар»бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы:

«Тәрбиенің ең тамаша мектебі»

(дәріс ата-аналарға)

2024оқу жылы


Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы. Отбасы – адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесігінді түзе» – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе? Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар. Атақты қазақтың ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында. Жас отаудың түтіні түзу шығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты. «Әрбір баланың мінез құлқы ата - анасының жағымды іс - әрекетінің үлгі алуы барысында қалыптасады.» деп Павлов айтпақшы баланың мінез - құлқы өскен ортасына, көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ата - ана бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адамы, өзін көретін айнасы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда, соны ілерсің», «Анасына карап, қызын ал», - деп, халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан. «Ата – ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең» деп Дулат Бабатайұлы айтпақшы ата – ана баласының түйсігіне қандай іс салса, бала сол жолмен жүре беретіні белгілі.

Хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап-қунап жатып, өзінің шұрқ тесік құрым киіз лашығына қайтып оралғанда Жиренше шешен: «Айхай, менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», - деп, жаны жай тапқан екен. Бұл аңызда үлкен шындық, терең мән бар. Әркімге, оның ішінде балаға өз үйінен ыстық, өз үйінен кең де керемет мекен жер жүзінде жоқ. Кавказ халықтарында «Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – ошағы, ер жігітке - өз үйі» – деген тамаша нақыл бар. Адалдықпен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді. Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған. «Бала тәрбиесі-бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек», - деп қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Мағжан Жұмабаев дәл тауып айтқан. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Балапан қыран болып ұшу үшін, оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек» деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқталған. Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі: - бала тәрбиесінде отбасы ықпалы басқа тәрбиелік ықпалдарға карағанда ең басым болып келуі; - өркениетті, зайырлы, құқықты қоғамның азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі буыны; - отбасы – болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын қоғамның ажырамайтын басты тірек –

арқауы; - отбасы – жеке тұлғаны әлеуметтендіру міндетін жүзеге асырушы. Ол болашақ жас азаматтың дене жетілуіне, шынығуына, рухани және адами дамуына, ең құнды жалпы адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты бағалауға, еңбек ету дағдысын тәрбиелеуге ықпал жасаушы; - отбасы бала тәрбиесінде адамзат қоғамының тарихындағы ғасырлар сынынан мүдірмей

өткен ұлттық дәстүрді жалғастырушы; - отбасының әлеуметтік міндеттерінің өзегі тәуелсіздікке ие болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын құрметтеп, елжанды азамат тәрбиелеу; - отбасы баланың мамандықты еркін және саналы тандауына ықпал жасаушы; - отбасы өзінің ұрпағын болашақ отбасылық өмірге дайындаушы. В.А.Сухомлинский «Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.» дегендей мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі үшін тек ата-анамен бірігіп жұмыс істеу керек екенін ескерткен. Өз тәжірибемде тәрбиенің отбасы бағытында «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы», «Бақытыңды балаңнан ізде», «Оқу мен тәрбие егіз» «Отбасы-алтын дінгек» «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі мен мектеппен байланысы» тақырыптарында ата-аналармен бірігіп ата-ана жиналысы мен тәрбие сағаттар жүргіздім. Отбасының бала тәрбиесінде алар орны мен маңызы жөнінде пікірталастар мен баяндамалар жүргіздім. Ата-аналарға балаларының тамағының тоқтығы мен көңілінің көктігіне қарайтын, құр асыраушысы рөлінен шығып, ендігі жерде, сіздің алдыңызда балаңыздың білім алу жолындағы серіктесі болу міндеті тұрғандығын еске салдым. Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – отбасы мен мектептен алған үлгі-өнеге жиынтығының жемісі. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпақшы, еліміздің болашағы бүгінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты. Балалардың өздеріңізге бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата – аналар, сіздерге байланысты. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ сондықтан балаларыңыз елін, Отанын сүйетін азамат болып өсіп, сіздерді бақытқа кенелтсін десеніздер бала тәрбиелеудегі қателіктерге жол бермейік, Ел басшысы Қасым Жомарт Тоқаев.

Мерекелік шаралар кезінде



Қайырлы күн балалар! Көңіл күйіміз қалай! Мен өздеріңмен көңіл күйдің не екенін жақсы білеміз. Кей кезде қуансақ, кейде мұңайып қаламыз. Кейде ренжісек, кейде шаттанамыз, мұңданатын да кездеріміз болады. Яғни біздің көңіл күйіміз үнемі өзгеріс үстінде болады. Ал бүгін біз өздеріңмен тамаша көңіл күй әлеміне аттанамыз.

Мақсаты: Топта жағымды көңіл күй қалыптастыру.

1. «Алуан түсті көңіл күй» жаттығуы

Бір, екі, үш, төрт, бес, алты,

Ойынымыз басталды.

-Біз қазір өз көңіл күйіміздің түсін табамыз. Мен сендерге кішкене бір құпияны ашайын, балалар. Біздің көңіл күйіміздің өзіне тән түсі болады екен. Міне, менде түрлі түстен тұратын карточкалар бар. 7 түстен тұратын көңіл күй түймедағы. Әр жапырақ – әр түрлі көңіл күй:

Қызыл-сергек, белсенді көңіл күй-секіргіміз, жүгіргіміз, қимылды ойындар ойнағымыз келіп тұрады.

Сары – көңілді көңіл күй: жан-жағымызға қуана қарап, шаттанғымыз келеді.

Жасыл – көпшіл: барлық балалармен достасып, ойнағымыз келеді.

Көк-сабырлы: тыныш ойнап, қызықты кітап тыңдап, терезеге қарап отырғымыз келеді.

Сұр-іш пыстырарлық – немен айналысарыңды білмейсің.

Қоңыр-ашулы көңіл күй: ренжіп, ашуланып тұрмын.

Қара-мұңды: маған ештеңе де қызық емес, көңіл күйім бұзылып тұр. Біз қазір мына домалақ жіпті шеңбер бойынша домалатып, әрқайсымыздың көңіл күйімізді білеміз, барлығымыз өз көңіл күйіміздің түсін айтып шығамыз. Мен бастаймын, сендер жалғастырасыңдар.

-Рахмет, көпшілігіңнің көңіл күйлеріңнің көтеріңкі болғанына мен қуаныштымын. Ал көңіл күйлері орташаларға біз қазір өз көңіл күйлерін көтеруге көмектесеміз.

2. «Көңілді ән» ойыны

Балалар орындарында тұрып психолог не айтады, қызықты қимыл қозғалыстар көрсетеді соны балалар қайталап көрсетіп отырады.

3. «Өмірде жоқ жануар» әдістемесі.